

Хаттама №3

Мерзімі: 22.02.2021 жыл

Қатысқандар: Т.К.Ахаев- мектеп директоры

Б.Т.Ахметова- Тәрбие ісінің меңгерушісі

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

А.И.Карабаева-ауылдық амбулаторияның бас дәрігері

А.Д.Дүйсенбек - Қ.И.Сәтбаев ауыл әкімшілік маманы

Н.Е.Жапишев- Қ.И.Сәтбаев ауылдық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі

Б.А.Сыздықова – «Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» кітапханашысы ,
хатшы

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелер тізіміне өзгерістер енгізу туралы;
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздік шаралары

Тыңдалды:

1. Кеңес төрағасы Дүйсенбек Алихан Дүйсенбекұлы – 2020 жылдың 11 қыркүйегінен осы күнге дейін кеңес мүшесінің талабына сай кеңес құрамында мектептен әлеуметтік педагогтың орнына ауыл кітапханашысы Солтахова Нұрлыгүл Рашидқызынның кандидатурасы ұсынылып, №1 хаттамаға сәйкес кеңестің 9-шы мүшесі болып тағайындалған болатын, енді отбасылық жағдайына байланысты, мектебімізде оқитын 2 баласын Ақатай Ерәлі мен Ақатай Ақниетті басқа мектепке білім алуға ауыстырып, өз басы ауыл кітапханашылығынан жұмыстан өз қалауы бойынша босатылып отыр. Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша орынан еңес мүшесін тағайындауымыз керек.

Алибаев Е.А. кандидатурасын қолдайтындар: 8

Қарсылық таңықандар: 0

2. Карабаева А.И.-ауылдық амбулаторияның бас дәрігері:

Кеңес мүшесіне ауылымыздың имамы, ата-ана ретінде Алибаев Ержан ағайды ұсынғым келіп отыр, қарсылықтарыңыз болмаса.

Карабаева А.И.-Қазіргі уақытта адам денсаулығына алаңдайтын уақыт туындап отыр. Құрметті ұстаздар ұжымы, сіздер бұрынғыдай әр оқушының білім алуына ғана емес денсаулығына да жауаптысыздар. Сақтық шараларына бәріміз қатаң түрде

көңіл бөлуіміз керек. Бұл індеттің қашан түбегейлі жойылатыны әлі де белгісіз болып отыр. Сонымен бірге жан жақта болып жатқан жағдайларды интернетжелісі арқылы көргенде, денең түршігеді. Сіздердің тараптарыңыздан тәрбие мен қауіпсіздік шараларының толыққанды орындалып жүргенін назарға ұсынғым келеді. Дегенмен жамандық айтып келмейді, өткізіп жатқан жиналыстарыңыздан, ата-аналармен атқарылып жатқан жұмыстарыңыздан хабардармыз. Артылып отырған міндетті, жалпы қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап, бір-бірімізге қолдау көрсетуіміз керек.










Қаулы:

1. Кеңес мүшелігіне Алибаев Ержан Айтмагамбетович тағайындалсын.
2. Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері бөлінсін.
3. Оқушылардың жалпы өмір қауіпсіздік шаралары бойынша айтылған мәселелер бойынша жұмыстар атқарылсын.

Кеңес төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:

 А.Д.Дүйсенбек
 Н.Е.Жапишев
 Е.М.Сулеев
 А.И.Карабаева
 А.Б. Муканов
 Қ.О.Жанайдаров
 Н.К.Қосыбаев
 К.Ш.Ахметов
 Б.А.Сыздыкова